

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ

«ЖҮСПБЕК ЕЛЕБЕКОВ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЭСТРАДАЛЫҚ- ЦИРК КОЛЛЕДЖІ» РМҚК



**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЯСЫНДА
КОЛЛЕДЖДІҢ БІЛІМ БЕРУ ІС-ҚЫЗМЕТІН
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ
ЕСЕБІ**

Алматы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	4
2. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ	7
3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	11
4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС	22
5. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР	61
6. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР	67
7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ	69
8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ	75
9. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	80
10. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР	81

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ



РРКП «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЭСТРАДНО-ЦИРКОВОЙ КОЛЛЕДЖ
ИМЕНИ ЖУСИПБЕКА ЕЛЕБЕКОВА»

«ЖУСИПБЕК ЕЛЕБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭСТРАДАЛЫҚ-ЦИРК
КОЛЛЕДЖІ» РМҚК

КОМИТЕТА КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ
И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«15 желтоқсан 2022 ж.
Алматы қаласы»

№ 104-п/к
город Алматы

**Өзін-өзі бағалау бойынша
комиссия құрамын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2015 жылғы 16 ақпандағы №176 бұйрығымен бекітілген колледж Жарғысының 4-пункт, 26-тармақ, 6) тармақшасына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың қаңтар айында мемлекеттік аттестаттау өткізілуіне байланысты колледждің өзін-өзі бағалауын өткізу үшін төмендегідей комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы:

Ж.Сейдуллаұлы – колледж директоры

Комиссия төрағасының орынбасары:

А.Б.Сарманова – директордың оқу ісі және оқу - әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Д.М.Ташпенев – директордың тәрбие және шығармашылық жұмысы жөніндегі орынбасары;

Б.К.Селтасв – директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Ш.Савдабаева – кадр бөлімінің жетекшісі;

А.К.Комекбаева – бас есепші;

С.А.Бегалина – оқу бөлімінің меңгерушісі;

Г.Т.Омарова – колледж әдіскері;

Б.А.Балапанов – заңгер-кеңесші;

Т.К.Абугазин – «Халық әні және аспаптар» ПЦК төрағасы;

С.А.Нысанбаев – «Эстрадалық аспаптар» ПЦК төрағасы;

Д.М.Қаптыбаев – «Эстрадалық вокал» ПЦК төрағасы;

000132

- Ж.А.Абылкайырова – «Актер өнері» ПЦК төрағасы;
- А.О.Бушукова – «Музыка теориясы» ПЦК төрағасы;
- Б.Т.Турманова – «Жеке ән салу» ПЦК төрағасы;
- Л.М.Жаумбаева – «Міндетті фортепиано» ПЦК төрағасы;
- Л.А.Сайджаппарова – «Цирк өнері» ПЦК төрағасы;
- А.М.Каржаубаев – «Хореография өнері» ПЦК төрағасы;
- С.М.Бегманова – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндері» ПЦК төрағасы

2.Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
Негіздеме: директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары А.Б.Сарманованың қызметтік хаты.

Директор



Ж.Сейдуллаұлы

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының толық атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті «Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты мекенжайы)	050000 Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі 103/76
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық почта, сайт)	директордың қабылдау бөлмесі: +7 /727/ 291 83 03 факс: 8/727/ 291 83 53 e-mail: rezk_65@mail.ru web-сайт: www.reck.kz
Директордың байланыс деректері	Сейдуллаұлы Жәніс тел.: 8 777 222 65 65
Өзін-өзі бағалау есебіне жауапты тұлғаның байланыс деректері	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары Сарманова Айгерим Бериковна тел.: 8 701 676 88 46

Колледждің өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 (03.08.2022), бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (ары қарай – МЖМБС ТЖКБ) талаптарын жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының сапасы мен мазмұнына сәйкес белгіленеді.

Өзін-өзі бағалау рәсімін дайындау және өткізу үшін Директор бұйрығы негізінде комиссия құрамы мен жұмыс тобы құрылды. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 қаулысымен бекітілген бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Өзін - өзі бағалау барысында колледждің білім беру қызметін ұйымдастыруға, білім алушыларды даярлау мазмұны мен сапасына, кадрлардың сапасына, оқу-әдістемелік, кітапханалық - ақпараттық қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базаға талдау жүргізілді. Оқу-жоспарлау және оқу-әдістемелік құжаттамаға, білім сапасы мен құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бақылауға талдау жүргізілді



Устав РЭЦК.pdf



Лицензия РЭЦК на каз.pdf



Сейдуллаұлы Ж. егов анықтама.pdf



Стратегиялық жоспар 2021-2025.ржылы қызмет бағы



2022-2023 оқу жылы қызмет бағы

Колледж бойынша барлық жылдық жұмыс жоспарлары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу

үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасалынған. Жылдық жоспар барлық құрылымдық бөлімдер бойынша жеке дайындалған және колледж директорымен бекітілген.

Жоспарда колледж миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаты туралы қысқаша ақпарат қоса берілген.

Колледжде техникалық және кәсіптік білім беру бағытында келесі мамандықтар бойынша дайындайды:

Кесте 1. Колледж мамандықтарының тізімі

№	Мамандықтардың ескі версиясы	Біліктілігі	Мамандықтардың жаңа версиясы	Біліктілігі
1.	0404000 Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	040403 3- Балалар музыка мектебінің оқытушысы, халық аспаптары оркестрінің әртісі (жетекшісі)	02150100 Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	4S02150103 Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы
2.		040404 3- Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі)		4S02150104 Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы
3.	0407000 Ән салу	040702 3- Балалар музыка мектебінің оқытушысы, домбырамен халық әндерін орындау әртісі	02150300 Вокалдық өнер	4S02150302 Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы
4.		040703 3- Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық ән салу әртісі		4S02150303 Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы
5.		040704 3- Хор әртісі		4S02150304 Хор әртісі
6.	0408000 Хореографиялық өнер	040802 3- Би ансамблінің әртісі	02150700 Хореографиялық өнері	4S02150702 Би ансамблінің әртісі
7.	0409000 Актер өнері	040901 3- Драма театр әртісі	02150500 Актерлік өнер	4S02150501 Драма театрының әртісі
8.		040903 3- Қуыршақ театрының әртісі		4S02150503 Қуыршақ театрының әртісі
9.		040904 3- Сөйлеу жанрының әртісі		4S02150504 Сөз сөйлеу жанрының әртісі
10.	0410000 Цирк өнері	041001 3- Цирк әртісі	02150600 Цирк өнері	4S02150601 Цирк әртісі, цирк жанрларының оқытушысы

Оқу орнының іс-қызметінде жоғарғы органға педагогикалық кеңес жатады, колледж оқытушылары мен қызметкерлері осы органның мүшелері болып табылады. Колледжде оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде, күндізгі оқыту түрі бойынша жүргізіледі.

2. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Кадр бөлімінің жұмысы оқу жылына бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжіне жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің негізінде және қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу негізінде жүргізіледі. Колледж қызметкерлерінің барлық санаттарына атқаратын лауазымын ескере отырып, лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді.

Колледж педагогтерінің сапалық және сандық құрамы

2020 – 2021 оқу жылы

2020 – 2021 оқу жылына колледждегі оқытушылар мен концертмейстрлердің жалпы саны – 119 адамды құрады, оның ішінде 60% штаттық және 39% қоса атқарушылар, атап айтқанда:

- 1) штаттық оқытушылар – 62;
- 2) штаттық концертмейстерлер – 10;
- 3) қосымша жұмыс істейтін оқытушылар – 43;
- 4) қоса атқаратын концертмейстерлер – 4.

Оның ішінде: Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі – 2, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері – 5, ҚР Мәдениет қайраткері – 9, доцент – 5, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі – 1, «Құрмет» орденінің иегерлері – 4, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері - 2, Райымбек ауданының құрметті азаматы – 2, профессор – 3, магистр – 34, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалінің иегері – 2, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері – 17, ғылым кандидаттары – 2, «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» мерейтойлық медалінің иегері – 4, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты – 1, жоғары дәрежелі «Қазақ тілі» медалінің иегері – 1, Phd докторы – 1, спорт шебері – 4, Ы.Алтынсарин медалінің иегері – 1, «ҚР Қарулы Күштеріне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері – 2, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, Қазақ КСР Халық әртісі – 1, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі – 1, «Тәуелсіз Қазақстанның үздік педагогы» төсбелгісінің иегері – 5, Қазақстанның құрметті педагогы – 1. **Барлығы: 113**

Жоғары білімді оқытушылар – 118 адам, 1 арнайы орта білімді концертмейстер, 1 концертмейстер жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруда.

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша қызметкерлердің құрметті атақтары, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және марапаттары жалпы алғанда 95%-ды құрайды.

2021 – 2022 оқу жылы

2021 – 2022 оқу жылына колледждегі оқытушылар мен концертмейстерлердің жалпы саны – 120 адамды құрады, оның ішінде 60% штаттық және 40% қоса атқарушылар, атап айтқанда:

- 1) штаттық оқытушылар – 62;
- 2) штаттық концертмейстерлер – 10;
- 3) қосымша жұмыс істейтін оқытушылар – 44;
- 4) қоса атқаратын концертмейстерлер – 4.

Оның ішінде: Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі – 3, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері – 5, ҚР Мәдениет қайраткері – 8, доцент – 5, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі – 1, «Құрмет» орденінің иегерлері – 5, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, Райымбек ауданының құрметті азаматы – 2, профессор – 3, магистр – 37, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалінің иегері – 3, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері – 25, ғылым кандидаттары – 2, «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» мерейтойлық медалінің иегері – 4, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты – 1, жоғары дәрежелі «Қазақ тілі» медалінің иегері – 1, Phd докторы – 1, спорт шебері – 4, Ы.Алтынсарин медалінің иегері – 1, «ҚР Қарулы Күштеріне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері – 2, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің иегері – 1, Қазақ КСР Халық әртісі – 1, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі – 1, «Тәуелсіз Қазақстанның үздік педагогы» төсбелгісінің иегері – 5, Қазақстанның құрметті педагогы – 1. **Барлығы: 125**

Жоғары білімді оқытушылар – 117 адам, 2 концертмейстер 1 оқытушы жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруда.

2021 – 2022 оқу жылының қорытындысы бойынша қызметкерлердің құрметті атақтары, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және марапаттары жалпы алғанда 95%-ды құрайды.

2022 – 2023 оқу жылы

2022 – 2023 оқу жылына колледждегі оқытушылар мен концертмейстерлердің жалпы саны – 136 адамды құрады, оның ішінде 58% штаттық және 43% қоса атқарушылар, атап айтқанда:

- 1) штаттық оқытушылар – 70;
- 2) штаттық концертмейстерлер – 7;
- 3) қосымша жұмыс істейтін оқытушылар – 54;
- 4) қоса атқаратын концертмейстерлер – 5.

№	Марапаттар атауы	Саны
1.	Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі	3

2.	Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері	6
3.	ҚР Мәдениет қайраткері	7
4.	Доцент	3
5.	Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі	1
6.	«Құрмет» орденінің иегерлері	5
7.	«Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері	1
8.	«Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалінің иегері	3
9.	«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің иегері	1
10.	Профессор	5
11.	«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері	28
12.	Ғылым кандидаттары	3
13.	Магистр	42
14.	Қазақ КСР Халық әртісі	1
15.	Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі	1
16.	Ы.Алтынсарин медалінің иегері	2
17.	ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері	1
18.	«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалінің иегері	1
19.	Райымбек ауданының құрметті азаматы	2
20.	«Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» мерейтойлық медалінің иегері	4
21.	Жоғары дәрежелі «Қазақ тілі» медалінің иегері	1
22.	Спорт шебері	4
23.	«ҚР Қарулы Күштеріне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері	1
24.	«Тәуелсіз Қазақстанның үздік педагогы» төсбелгісінің иегері	8
25.	Қазақстанның құрметті педагогы	2
	Барлығы:	136

2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша қызметкерлердің құрметті атақтары, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және марапаттары жалпы алғанда 95%-ды құрайды.

Кесте 2. Оқытушылар саны

Оқу жылы	Оқытушылардың жалпы саны	Жоғары білім көрсеткіші
2020 – 2021	119	118 – 98,3%
2021 – 2022	120	117 – 97,5%

2022 – 2023	136	131 – 96,3%
-------------	-----	-------------

Кесте 3. Оқытушылардың санаттары бойынша

Оның ішінде: педагогтер саны барлығы: оның ішінде:	136
- жоғарғы санатты (саны, %)	37 (27,2%)
- бірінші санатты (саны, %)	13 (9,5%)
- екінші санатты (саны, %)	34 (25%)
педагог-шебер	-
педагог-зерттеуші	2 (1,4%)
педагог-сарапшы	4 (2,9%)
педагог-модератор	16 (11,7%)
педагог	4 (2,9 %)
Категориясы жоқ	26 (19,1%)

Оқытушылардың жалпы контингентінің 95%-ы сабақтарды мемлекеттік тілде жүргізеді.

еңбек өтілі
28 адам
жылдан 15
адам
жылдан 15
адам
жылдан
(43,3%).



Жалпы
5 жылға дейін –
(20,5%), 5
жылға дейін – 27
(19,8%), 10
жылға дейін – 22
(16,1%), 15
және жоғары – 59 адам

Әкімшілік-басқару персоналының ішінде жоғары санатты – 2 адам (4%), 2 санатты – 1 адам (2%), педагог – модератор – 1 адам (2%).

ӘБП орташа жасы – 35 жас.

Жалпы еңбек өтілі: 5 жылға дейін – 11 адам (28,9%); 5 жылдан 15 жылға дейін – 11 адам (28,9%); 15 жылдан жоғары – 16 адам (42,1%).

Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің орташа жасы – 40 жас. Әкімшілік-басқару персоналы қызметкерлерінің базалық білімі бар (жоғары кәсіптік), бұл пайыздық мәнде 55,4% құрайды.



15-қосымша.pdf



18



Тарификация за



тарификация за



тарификация за



тарификация за

қосымша-біліктілік.январь 2023 года .январь 2022 года.январь 2021 года.февраль 2020 года.



Тарификация за сентябрь 2022 года тарификация за сентябрь 2020 года тарификация за сентябрь 2021 год;

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Оқу бөлімінің жұмысы оқу жылына бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі. Колледждің 5 мамандық бойынша лицензиясы бар. Мамандықтар бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

Білім алушылар контингенті 2022-2023 оқу жылы бойынша 351 адамды құрайды, оның ішінде 225 адам (64%) мемлекеттік тапсырыс бойынша, 126 адам (36%) күндізгі оқу нысаны бойынша коммерциялық негізде оқиды, оның ішінде: жетім – 0, ауылдық жерлерден – 140, аз қамтылған отбасылардан – 45. Барлығы – 29 оқу топтары бар, оқыту мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.

Кесте 4. Мамандықтары бойынша топ атаулары


№	Мамандық, біліктілік	Курс, топ атауы
	02150300 «Вокалдық өнер» / 0407000 «Ән салу»	
1.	4S02150303 «Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы» 040703 3 «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық әндер орындау әртісі»	1 курс-ЭВ22-1
2.		1 курс-ЭВ22-2
3.		2 курс-ЭВ21
4.		3 курс-ЭВ20
	02150300 «Вокалдық өнер» / 0407000 «Ән салу»	
5.	4S02150304 «Хор әртісі» 040704 3- Хор әртісі	1 курс-ЖӘС22
6.		2 курс-ЖӘС21
7.		3 курс- ЖӘС20
	02150300 «Вокалдық өнер» / 0407000 «Ән салу»	
8.	4S02150302 «Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы» 040702 3- «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, домбырамен халық әндерін орындау әртісі»	1 курс-ХӘ22
9.		2 курс-ХӘ21
10.		3 курс-ХӘ20
	02150100 «Аспаптық орындау аспап түрлері бойынша» / 0404000 Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	
11.	4S02150103 «Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы» 040403 3- «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, халық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі)»	1 курс-ХА22
12.		2 курс-ХА21
13.		3 курс-ХА20
14.		4 курс-ХА19
	02150100 «Аспаптық орындау аспап түрлері бойынша» / 0404000 Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	
15.	4S02150104 «Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы» 040404 3- «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі)»	1 курс-ЭА22
16.		2 курс-ЭА21
17.		3 курс-ЭА20
18.		4 курс-ЭА19
	02150500 «Актерлік өнер» / 0409000 «Актер өнері»	
19.	4S02150501 «Драма театрының әртісі»	1 курс-А22
20.	4S02150501 «Драма театрының әртісі»	2 курс-А21
21.	040903 3 «Кужыршақ театр әртісі»	3 курс-А20
22.	040904 3 «Сөйлеу жанрының әртісі»	4 курс-А191
	0408000 «Хореографиялық өнер» / 02150700 «Хореографиялық өнері»	
23.	040802 3 «Би ансамблінің әртісі»	1 курс-Х22
24.	4S02150702 «Би ансамблінің әртісі»	2 курс-Х21

25.		3 курс-Х20
	02150600 «Цирк өнері» / 0410000 «Цирк өнері»	
26.		1 курс-Ц22
27.	4S02150601 «Цирк әртісі, цирк жанрының оқытушысы»	2 курс-Ц21
28.	041001 3 «Цирк әртісі»	3 курс-Ц20
29.		4 курс-Ц19

Кесте 5. Жылдар бойынша студенттер контингенті туралы мәлімет

Оқу жылы	Контингент			Қабылдау			Бітіруші түлектер			Жұмысқа орналастыру адам / %	ЖОО түскендер	Ерекше үлгідегі диплом	Шығарылғандар	Ауысулар	
	барлығы	мемлекеттік тапсырыс адам / %	мемлекеттік тілде адам / %	барлығы	мемлекеттік тапсырыс адам / %	мемлекеттік тілде адам / %	барлығы	Мемлекеттік тапсырыс адам / %	Мемлекеттік тілде адам / %					Колледжде	Колледжден
2020-2021	298	216/ 74%	205/ 77%	103	65/ 22%	41/ 13,9%	76	65/ 22%	71/ 24%	30/ 39%	24	24	1	0	0
2021-2022	328	215/ 66%	207/ 96%	116	65/ 30%	51/ 25%	75	55/ 30%	69/ 33%	30/ 40%	31	21	5	2	1
2022-2023	351	225/ 68%	205/ 91%	126	65/ 52%	59/ 91%	73*	60*/ 82%	53*/ 87%	-	-	-	4	0	9

* - болжамды бітірушілер



Қазақстан Республикасы Статистикалық агенттігінің жылына 1 реттік 2-НҚ Жалпымемлекеттік статистикалық есептілігі бойынша:

2020-2021 оқу жылында – 295 білім алушы, жеке құрам бойынша ақылы топтан 3 білім алушы оқудан шығарылды:

1. 0404000 «Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)» мамандығы, 040404 3 «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі) біліктілігінің 2 курс, бюджеттік топ білім алушысы Ертай Ықылас (01.10.2020., №02 ж/к/б);

2. 0404000 «Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)» мамандығы, 040404 3 «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі) біліктілігінің 1 курс, ақылы топ білім алушысы Яфаров Руслан (01.10.2020., №03 ж/к/а);

3. 0410000 «Цирк өнері» мамандығы 041001 3-«цирк әртісі» біліктілігінің 2 курс, ақылы топ білім алушысы Алтай Алтынай (01.09.2020., №02 ж/к/а);

2021-2022 оқу жылында – 328 білім алушы.

2022-2023 оқу жылында – 351 білім алушы.

Әр оқу жылының басында оқу топтары құрылады. Топтарды қалыптастыру білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мамандықтар бойынша топтардан жалпы білім беретін пәндер бойынша жиынтық топтар жинақталады. Әр топқа топ жетекшілері тағайындалады. Топтардағы адамдар саны ББ оқытындардың санына байланысты. Әдетте, 25 адамнан аспайды.

Кесте 6. Жылдар бойынша топтар саны

р/с	Оқу жылы	Топтар саны
1.	2020-2021 оқу жылы	28
2.	2021-2022 оқу жылы	28
3.	2022-2023 оқу жылы	29

Өндірістік оқыту жұмыстары

Білім беру бағдарламасын меңгерудің міндетті кезеңі практикадан өту болып табылады. Оқу барысында колледжде өндірістік практика, педагогикалық практика, орындаушылық практикадан өту – негізгі міндеттердің бірі. Жалпы колледжде кәсіп немесе мамандық бейінінің ерекшеліктеріне қарай білім алушылармен *жеке сабақтар* өткізіледі. Жеке сабақтардың барлығы практикалық түрде өтеді.

Практика жұмыс бағдарламаларына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және кәсіпорындарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы», (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 наурызда №13395 және ҚР Білім және ғылым министрімен 29.09.2018 жылы №521 болып тіркелді) сәйкес жүргізіледі. Таңдалған практика базаларының мамандануы мамандық бейініне сәйкес келеді.

Бекітілген практика бағдарламалары, практика базаларымен ынтымақтастық туралы қол қойылған шарттар, практикаға жіберу туралы бұйрықтар бар. Практика

нәтижелері қорытынды аттестаттауда ұсынылатын күнделіктер мен есептер түрінде рәсімделеді. Бағалар студенттердің ведомостары мен сынақ кітапшаларында көрсетіледі.

0407000 – «Ән салу» мамандығы, 040702 3 – «Балалар музыка мектебінің оқытушысы, домбырамен халық әндерін орындау әртісі» біліктілігі сәйкес практика базалары ретінде айқындалған шарттар:

- Келісімшарт №3, 01.09.2022 ж., Алматы қаласы, МКҚК «Оқушылар сарайы» БММ;

- Келісімшарт №4, 01.09.2022 ж., Алматы қаласы, МКҚК «Оқушылар сарайы» БММ.

040703 3 – Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық ән салу әртісі:

- Келісімшарт №1, 01.09.2022 ж., Алматы қаласы, МКҚК «Оқушылар сарайы» БММ.

040704 3 – Хор әртісі:

Келісімшарт №5, 01.09.2022 ж., «Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы» РМҚК.

02150100 Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша) мамандығы 4S02150103 Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы, 4S02150104 Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы біліктіліктеріне сәйкес практика базалары ретінде айқындалған шарттар:

- Келісімшарт №2, 01.09.2022 ж., «Джазовая школа Тагира Зарипова»;

- Келісімшарт №3 01.09.2022 ж., МКҚК «Оқушылар сарайы» БММ.

0409000 Актер өнері

- Келісімшарт №6, 01.09.2022 ж., Мемлекеттік қуыршақ театры;

- Келісімшарт №7, 01.09.2022 ж., Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры;

- Меморандум №1, 01.09.2022 ж., Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры;

- Меморандум №2, 01.09.2022 ж., Мемлекеттік қуыршақ театры;

- Меморандум №3, 01.09.2022 ж., Байтен Омаров ат. «Жас Сахна» театры.

Оқу барысында студенттер серіктес театрлардың қабырғасында актерлік шеберлік және басқа да арнайы пәндер бойынша өндірістік практикадан өтеді. Олардың арасында М.Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театры және т.б бар.

Өндірістік практика келесі біліктіліктер бойынша жүргізіледі: «Қуыршақ театр әртісі» – 1762 сағат, «Сөйлеу жанрының әртісі» – 9-сынып негізінде – 1772 сағат, «Сөйлесу жанрының әртісі» – 11-сынып негізінде – 1721 сағат, «Драма театр әртісі» – 1720 сағат.

Сапалы білім берудің жоғары көрсеткіші ретінде көрнекті түлектерді көрсетке болады: Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры – Талғат Есеналиев, Маңғыстау облысы қуыршақ театрының директоры – Фаридата Атақеева, Ғ. Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театрының жетекші актрисасы –

Аида Жантілеуова, М. Әуезов атындағы Академиялық театрдың жетекші әртістері – Қуаныш Бейсағалиев, Ажар Мағзұм, АртиШок театрының әртістері – Нұрсұлтан Мұхамеджанов, Қуантай Әбдімәди, Думан Мунира, Сағынбаева Айғаным, Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театрының актері Арипов Данияр және т.б. көптеген түлектер әртүрлі облыстық театрларда жұмыс істейді және Колледждің мақтанышы болып табылады. Көптеген түлектер фрилансерге айналып, әртүрлі жобаларға (сериалдар мен толық метржажды фильмдер) қатысып жүр. КазТРК корпорациясында дубляж актері ретінде Колледж түлектері Мирас Жакупов, Маржан Төлепберген, Асель Кужиманова, Рысхан Айдос жұмыс істейді. «Атамекен» ұлттық теле-жобасының жүргізушісі – РЭЦК түлегі Дархан Бекей.

«Актер өнері» білім бағдарламасы бойынша сапасының жоғары көрсеткіші - білімалушылардың еңбек нарығындағы сұранысы.

Білім бағдарламасын әзірлеуге көп жылдан бері белсенді ат салысалысып келе жатқан серіктестер:

1. «Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры;
2. «Мемлекеттік қуыршақ театры» ;
3. «Республикалық оқушылар сарайы»
4. М.О.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры»;

Білім беру бағдарламасын меңгерудің міндетті кезеңі – практикадан өту. Оқу барысында білім алушылар кәсіптік, педагогикалық және орындаушылық практикадан өтеді. Практикадан өту оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Тандалған практика базаларының мамандануы мамандық бейініне сәйкес келеді.

Бекітілген практика бағдарламалары, практика базаларымен ынтымақтастық туралы келісім-шарттарға екі жақты қол қойылып бекітілген, практикаға жіберу туралы бұйрықтарға қол қойылған. Практика нәтижелері аралық және қорытынды аттестаттауда ұсынылатын күнделіктер мен есептер түрінде рәсімделеді. Бағалар студенттердің ведомостары мен сынақ кітапшаларында көрсетіледі.

Орындаушылық практика

2022 жылдың 29 сәуірі күні Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концерт залында Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай, «Хореография өнері» мамандығының білім алушыларынан құралған «Тұмар» би ансамблінің «Ғажайып би кеші» атты концертті өтті;

2022 жылдың 06 мамыры күні колледждің оқу театрында Ұлы жеңіс күніне арналған «Хор әртісі» біліктілігі білім алушыларының «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» атты мерекелік концертті өтті;

2022 жылдың 20 мамырында колледждің оқу театрында «Эстрадалық аспаптар» мамандығы білім алушыларының есептік концертті өтті.

«Дәстүрлі ән салу» және «Халық аспаптары» мамандықтарының білім алушылары Сраил Аида, Сағындық Аружан, Сұлтанов Асхат, Мусина Айнара, Избасар Қуаныш IV республикалық «Жас екпін» жас өнерпаздар байқауының Гран-при және I орын лауреаттары атанды.

«Дәстүрлі ән салу» мамандығының 3 курс білім алушысы Сраил Аида «Көшпенділер әуені» IV республикалық дәстүрлі орындаушылар байқауы «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша Гран-при иегері атанды.

«Актер өнері» мамандығы, «Сөз сөйлеу жанры артисі» біліктілігінің 3 курс студенттері Астана қаласында өткен «Театр – Творчество – Талант» халықаралық фестивалінің Гран при иегерлері болды.

«Қазақ Мемлекеттік цирк» аренасында 25 қазан Республика күніне орай, Колледж студенттері мен Қазақ мемлекеттік цирк артистерімен бірлескен үлкен шоу-концерт ұйымдастырылды.

«Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)» және «Вокалдық өнер» мамандығының білім алушылары Сағындық Аружан мен Нұрпеисова Дина Астана қ. өткен 43 Республикалық орындаушылар конкурсының Гран-при, I және II орын иегерлері атанды.

«Цирк өнері» мамандығы студенттері Алмас Махмут, Бақытұлы Дастан Будапешт қаласында өткен «Circus» халықаралық фестивалінің «Арнайы сыйлық» иегерлері атанды.

Медеу ауданының әкімшілігімен ұйымдастырылған «Алматы қаласы күніне» арналған мерекелік концерт колледж студенттерінің қатысуымен өтті.

2022 жылдың 18 мамыры күні ҚР мемлекеттік орталық музейінің ұйымдастырылуымен өткен «Музей түні – 2022» іс-шарасында колледж студенттерінің қатысуымен концерт өткізілді.

Алматы мемлекеттік циркінде «Ашық есік күніне» және «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне» арналған мерекелік концерт өткізілді.

Алматы қаласында өткен «Алматы кітап» жәрменкесінде тұңғыш рет колледж білім алушыларымен концерт ұйымдастырылды.

Алматы қаласы мемлекеттік архивінде Гүлжихан Ғалиеваға арналған «Өнері елге ұлағат» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Жұмысқа орналасу туралы

Бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы деңгейін білу мақсатында жыл сайын талдау жүргізіледі: 2020-2021 оқу жылында – 71%, 2021-2022 оқу жылында – 81% құрады.

Колледждің жұмысқа орналастыру бойынша негізгі мақсаты мен міндеті түлектердің жұмысқа орналасуына белсенді жәрдемдесу, олардың кәсіби қызметіне және мансаптық өсуіне мониторинг жүргізу болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын бағалау бітіруші мамандарды одан әрі жұмысқа орналастыру, колледж түлектерін бейінді жоғары оқу орындарында одан әрі оқыту, сондай-ақ, ең бастысы, өңірдің еңбек нарығында мамандардың қажеттілігі болып табылады.

Колледж түлектері, Астана қаласындағы ҚазҰӨУ (Қазақ ұлттық өнер университеті), Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА және т.б. жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруда. Сондай-ақ, жақын шетелдің бейінді жоғары оқу орындарында білім алады. Көптеген түлектер мамандығы бойынша БММ

(Балалар музыка мектептері), жалпы білім беретін мектептер, мәдениет үйлерінде және т.б. жұмысын істеуде.

Колледжде, түлектерді жұмысқа орналастыру үшін белгілі бір шаралар жүргізіледі. Жасалған шарттар негізінде кәсіпорынның атына бос жұмыс орындарының болуы туралы сұрау салынады. Кейбір жағдайларда ұйымдар өндірістік практикадан сәтті өткеннен кейін түлектерді жұмысқа шақырады. Әр түрлі ұйымдардағы тәжірибеден кейін біздің студенттерді жұмысқа қабылдайды.

Кесте 8. Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы туралы

Оқу жылы	Бітіруші түлектер	Оқуға түскендер туралы ақпарат	Жұмысқа орналасуы туралы ақпарат	Жалпы пайызы
2020-2021 оқу жылы	76 65 бюджет 11 ақылы	24 32%	30 39%	71%
2021-2022 оқу жылы	74 54 бюджет 20 ақылы	32 43%	28 38%	81%



Колледжге оқуға қабылдау

Колледжге білім алушыларды қабылдау «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 197 бұйрығы және Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі оқуға қабылдау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Жыл сайын колледж директорының бұйрығымен оқуға түсуге өтініштерді қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына

төраға, жауапты хатшы, техникалық хатшы, қабылдау комиссиясының мүшелері кіреді.

Қабылдау комиссиясына тапсырылатын құжаттар тізімі:

- ✓ Өтініш (үлгі бойынша);
- ✓ жеке куәлік немесе туу туралы куәлік, ЖСН;
- ✓ 9-сынып бітірген талапкерлер үшін ата-анасының жеке куәлігі (көшірмесі);
- ✓ Білімі туралы құжаттың түпнұсқасы (оригинал);
- ✓ Музыкалық білімі туралы құжаттың түпнұсқасы (оригинал);
- ✓ 3*4 өлшемімен 6 фотосурет;
- ✓ Медициналық анықтама
- ✓ № 027/у
- ✓ № 063/у (екпе картасы)
- ✓ № 075/у (флюорография суреті)
- ✓ Дауыс байламдарының жағдайы туралы фолиатр дәрігерінің анықтамасы («Вокалдық өнер» мамандығына түсетін талапкерлер үшін);
- ✓ Психоневрологиялық диспансерден анықтама;
- ✓ «Хореография өнері», «Цирк өнері» мамандықтарына оқуға түсуші талапкерлер омыртқаның (кеуде және бел бөліктері) рентген суреттерін өткізуі қажет және колледжде қосымша медициналық комиссиядан өтеді;
- ✓ Мінездеме (мектеп директорының қолы қойылған және мөрі басылған);
- ✓ Әскери есепке тіркеу туралы куәлік (18 жасқа толған ер балалар үшін);
- ✓ Жеңілдіктерді растайтын құжаттар: II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар; ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы ҚР азаматтары; кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар; кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар; бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар.

Кесте 9. 2020-2021 оқу жылындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы мәлімет

Шифр	Мамандық	Барлығы
0404000	Аспапта орындаушылық және музыкалық эстрада өнері	14
0407000	Ән салу	21
0408000	Хореография өнері	8
0409000	Актер өнері	10
04010000	Цирк өнері	8
	БАРЛЫҒЫ	61
Квоталар		
	Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін квота (1%)	1

I,Штоптағы мүгедектер, мүгедек балаларүшін квота(1%)	1
ҚР азаматы болып табылмайтын,Ұлты қазақ адамдарға квота (4%)	2
Барлық квота	4
Барлығы	65

Кесте 10. 2021-2022 оқу жылындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы мәлімет

Код	Мамандық атауы	Біліктілігі	Орын саны	Оның ішінде қазақ тілінде оқытатын	9-сынып базасында	11-сынып базасында
1	2	3	4	5	6	7
02150100	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	4S02150103 – Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	7	7	7	-
		4S02150104 – Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	8	4	8	-
02150300	Вокалдық өнер	4S02150302 – Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	5	5	-	5
		4S02150303 – Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	7	7	-	7
		4S02150304 – Хор әртісі	6	6	-	6
02150700	Хореографиялық өнері	4S02150702 – Би ансамблі әртісі	9	8	9	-
02150500	Актерлік өнер	4S02150501 – Драма театрының әртісі	10	9	10	-
02150600	Цирк өнері	4S02150601 – Цирк әртісі, цирк жанрларының оқытушысы	8	2	8	-
Барлығы			60	48	42	18

I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін	-	-	-	-
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін квота	1	1	-	1
Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін квота	-	-	-	-
Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін квота	3	3	1	2
Кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін квота	1	1	-	1
Бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін квота	-	-	-	-
Барлығы	5	5	1	4
Барлығы	65	49	65	53

Кесте 11. 2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы мәлімет

Код	Мамандық атауы	Біліктілігі	Орын саны	Оның ішінде қазақ тілінде оқытатын	9-сынып базасында	11-сынып базасында
1	2	3	4	5	6	7
02150100	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	4S02150103 – Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	7	6	7	-
		4S02150104 – Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	7	6	7	-
02150300	Вокалдық өнер	4S02150302 – Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	6	6	6	-
		4S02150303 – Эстрадалық ән салу әртісі,	6	6	1	5

		балалар музыка мектебінің оқытушысы				
		4S02150304 – Хор әртісі	6	6	6	-
02150500	Актерлік өнер	4S02150501 – Драма театрының әртісі	8	8	8	-
02150600	Цирк өнері	4S02150601 – Цирк әртісі, цирк жанрларының оқытушысы	7	3	7	-
02150700	Хореографиялық өнері	4S02150702 – Би ансамблі әртісі	8	5	8	-
Барлығы			55	46	50	5
I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін			1	-	-	-
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін квота			2	1	1	-
Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін			1	1	1	-
Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін квота			1	-	-	-
Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін квота			3	3	2	1
Кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін квота			1	1	1	-
Бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін квота			1	1	1	-
Барлығы			10	7	6	1
Барлығы			65	53	56	6

Студенттерді оқыту сапасын бағалаудың колледжішілік жүйесінің деңгейі студенттердің білім сапасын ішкі мониторингтеу жүйесі (ішкі бақылау) негізінде айқындалады. Үлгерімді ағымдағы бақылау нәтижелерін есепке алуды оқытушылар жүзеге асырады. Тапсырмаларды орындау студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімін есепке алу журналында тіркеледі. Оқытушы, сабаққа келмеген студенттерді журналға белгілеп, жоқ адамдарды атап өтеді, сабақта студенттің жұмысына баға береді, өткен материалдың тақырыптарын көрсетеді.

Журналдарды жүргізу сапасы мен оның мазмұнын оқу бөлімі, директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, ПЦК төрағалары талдайды және бақылайды. Қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылданады.

Ағымдағы аттестаттау оқу процесінің кестесі бойынша жүргізіледі. Пәнді қанағаттанарлықсыз бағаға тапсырған студенттер туралы сұрақтар пәндік-циклдік комиссияның отырысында қаралады. Аттестаттау нәтижелері пәндік цикл комиссияларының отырысында талқыланады және педагогикалық кеңеске шығарылады.

Білім алушылардың үлгерімі жыл ішінде аралық аттестаттау, емтихан сессиясы, ауыстыру емтихандарын өткізу жолымен айқындалады. Әр түрлі пәндер бойынша бақылау нысандары: бақылау жұмыстары, бақылау сабақтары, емтихандар, сынақтар және шығармашылық емтихан, спектакль қойылымдары, этюд көрсету түрлерінде ұсынылған.

Білім беру сапасының серпінін қадағалауды, білім алушылардың жетістіктерін объективті бағалауды іске асыру мақсатында, колледж студенттерінің қозғалысы мен жетістіктеріне талдау жүргізіледі. 2020-2021 оқу жылындағы оқу топтарының үлгерім нәтижелерін талдай отырып, өткен 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда үлгерім пайызы 3%-ға өскен.

Білім сапасы мен оқу үлгерімінің екі жылдық көрсеткіші бойынша студенттер саны 34 студентке артып, білім сапасы 2021-2022 оқу жылы 90% құрады.

Білім сапасының 2 жылдық динамикасы 3% төмендеді.

Кесте 12. Білім сапасының мониторингі

ПЦК атауы	Оқу жылы			
	2020-2021		2021-2022	
	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі
«Эстрадалық вокал»	95%	96%	92%	98%
«Жеке ән салу»	97%	98%	89%	98%
«Эстрадалық аспап»	86%	100%	86%	85%
«Халық әні және аспаптар»	98%	100%	85%	93%
«Актерлік өнер»	97%	100%	97%	100%
«Хореография өнері»	95%	97%	96%	99%
«Цирк өнері»	98%	100%	98%	92%
Колледж бойынша	95%	99%	92%	95%

Кесте 13. Студенттердің жылдар бойынша үлгерімінің нәтижелері

Оқу жылы	Білім сапасы	Үлгерімі
2020-2021 оқу жылы	95%	99%
2021-2022 оқу жылы	92%	95%
2022-2023 оқу жылы, 1 семестр	-	-

4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқыту нәтижелеріне бағдарлан отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары және сәйкестігі (қызмет бағыттары бойынша)

Колледждің миссиясы, болжамы, стратегиялық мақсаты мен міндеттеріне негізделіп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 өзгертулерімен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес колледждің жұмыс жоспары әзірленеді.

Колледж ұжымы 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысында белгіленген сапа саласындағы – әзірленген стратегияға, миссияға және саясатқа және тұтастай алғанда техникалық және кәсіптік білім беру міндеттеріне сәйкес білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша мақсаттар мен міндеттер қояды.

Колледж заманауи даму үрдістеріне негізделген сапалы бәсекеге қабілетті білім беруді қамтамасыз етеді. Сапалы білім алу мен білім алушыларды тәрбиелеудің мақсатты және жүйелі жұмысы үшін колледжде негізгі қызмет түрлерін жоспарлауды қамтитын жылдық жұмыс жоспарлары әзірленді.

Колледждің жылдық жұмыс жоспары білім беру саясатының нысаналы басымдығын іске асыруға бағытталған. Колледж жоспарына барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары, педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарлары және т. б. кіреді (*қосымша Колледждің жұмыс жоспары*):

Жылдық жұмыс жоспарлары жыл сайын колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланады және бекітіледі.

Жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеу немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқу.

Колледжде 1-2 курстар кредиттік-моудльдік оқыту технологиясы бойынша, 3-4 курстар сызықтық оқыту бойынша жүргізіледі.

Ж.Елебеков ат. РЭЦК 2020-2021 оқу жылының білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беру пәндерін, жалпы кәсіптік пәндер мен арнайы пәндерін зерделеу, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының білім беру бағдарламалары мазмұны жалпы білім беру пәндерін, базалық және кәсіптік модульдерді оқу, «орта буын маманы»

біліктілігін бере отырып, өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуді көздейді.

Колледжде білім беру бағдарламаларын іске асыру нормативтік-құқықтық базаға сәйкес жүргізіледі және орта буын маманы деңгейіне арналған техникалық және кәсіптік білім беру типтік оқу жоспарларының негізінде белгілі бір бейінге, мамандыққа және біліктілікке білім беру бағдарламалары және оқу жұмыс жоспарларын әзірлеуге құқығын береді.

Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалған. Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге: "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" "Орыс тілі және әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі және әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Шетел тілі", "Математика", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Өзін-өзі тану", "Дене тәрбиесі", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" жатады. "Өнер және мәдениет" бейіні бойынша тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", ал стандарттық деңгейдегі пәндерге "Физика", "Биология" енгізілді.

Жалпы білім беру пәндері 1-2 курстарда оқытылады. «Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтар міндетті болып табылады және теориялық оқыту кезеңінде аптасына кемінде 4 сағат жоспарланады, оның ішінде факультативтік сабақтар есебінен аптасына 2 сағат жоспарлауға жол берілген.

Жоғары дене жүктемесін көздейтін «Хореография өнері», «Цирк өнері», Актёр өнері» мамандықтары үшін «Дене шынықтыру» бойынша сабақтар арнайы пәндер не кәсіби модуль шеңберінде іске асырылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша білім алушылармен оқу-далалық (лагерьлік) жиындар МЖБС сәйкес қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті және білім мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, ҚР «Білім туралы» Заңынан «Адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы «Өзін-өзі тану» ұғымы мен тұжырымы алынып тасталды. Осыған байланысты МЖМБС-дан «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беретін пәндер модулінде «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген уақыт көлемі оқу-әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы негізінде (31.08.2022 ж. №1 Хаттама) Қазақ (орыс) тілі пәніне қайта бөлінді.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің қатысуымен, МЖБС, кәсіптік стандарттар (бар болған жағдайда) талаптарының негізінде дербес әзірленген.

Білім беру бағдарламасының құрылымына паспорт, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары кіреді.

Базалық құзыреттерді қалыптастыру үшін Колледж жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді зерделеуді көздейді.

Базалық құзыреттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтенуге және бейімделуге, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытуға, кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеруге, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде келесі базалық модульдер оқытылады:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

Ж.Елебеков атындағы РЭЦК мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Орта буын мамандарының деңгейі үшін:

- 1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;
- 2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;
- 3) кәсіптік практикадан өтуді;
- 4) егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше жұмыс түрлері көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауды;
- 5) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарында және жұмыс оқу бағдарламаларында айқындалған.

Зертханалық-практикалық сабақтардың орындау

Жалпы білім беретін пәндер бойынша орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын топтарда орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, информатика және дене шынықтыру сабақтарын, модульдер бойынша практикалық сабақтарды, сондай-ақ өндірістік оқыту сабақтарын өткізу кезінде топтар шағын топтарға бөлінеді. «Өнер және мәдениет» бейіні бойынша білім беру бағдарламаларының ерекшелігі – арнайы пәндер бойынша әр білім алушымен жеке сабақтар қарастырылған. Музыкалық-теориялық пәндер бойынша жеке сабақтар шағын топтарға бөлініп, 1 топта 2-3 баладан бітіктіріле алады.

Жалпы білім беру циклінің ағымдағы пәндері, базалық модульдер бойынша оқу топтары әр түрлі мамандықтардағы білім алушылар қатарынан толықтырылуы 24 адамнан аспайтын болады.

Кәсіптік модульдердің теориялық және арнайы циклдерінің пәндері бойынша топтардың толықтырылуы 13 адамнан аспайды.

Музыкалық шығармаларды ансамбльдік орындау дағдыларын меңгеру процесінде ансамбльдердің толымдылығы білім алушылардың 2 және одан да көп адамды құрауы мүмкін. Ансамбль құрамы жыл сайын бекітіледі. Факультативтік пәндер оқу жұмыс жоспарында аптасына 4 сағаттан аспайтын есеппен қарастырылған.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту.

1. Барлық мамандықтар бойынша бітірушілерді орындаушылық қызметке дайындаудың, «әртис» біліктілігін алудың негізгі нәтижесі ретінде шығармашылық тапсырмаларды орындайтын қорытынды және аралық аттестаттау көздейді: бағдарламалық талаптарды орындауды қамтитын практикалық емтихан сабағы өткізіледі.

«Актер өнері», «Цирк өнері» мамандықтары бойынша өндірістік оқыту және кәсіптік практика, практика жетекшісінің басшылығымен, кәсіпорындар базасында орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

«Хореография өнері», «Аспаптық орындау», «Вокалдық өнер» мамандықтары бойынша оқу практикасы ретінде Колледж базасында өтеді.

